Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның ) оқу жоспарлары 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік жоспары» негізінде 1 – 4 сыныптардың оқу жоспары жасалды;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген гимназиялық сыныптарына арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспарлары 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 14-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізінде гимназиялық 1 – 4 сыныптардың оқу жоспары жасалды.

#### **5– 9 сыныптардағы оқу жүктемесі:**

1. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарының оқу жүктемесі: ҚР БЖҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде әзірленді.
2. Гимназиялық 5 – 9 сыныптардың оқу жүктемесі: ҚР БЖҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 19-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізінде әзірленді.
3. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10-11 сыныптардың жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқу жүктемесі: ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 86-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде әзірленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйек № 375 жалпы білім беру ұйымдарының түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығын негізге ала отырып, жыл сайын гимназия сыныптары ашылды. 5 – 9 сыныптар аралығындағы гимназия сыныптары жалғастырылды.

2023 – 2024 оқу жылы	Сынып	Инварианттық оқу жүктемесі	Вариативтік компонент	Оқу жүктеме сiнiң жоғары шектi көлемi
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықпен бекітілген 1-қосымшасымен өзгерістер енгізілген;	1 а, 1 ә, 1 б	18,5	1	19,5
	2 ә, 2 б, 2 в	22	2	24
	3 ә, 3 б	25	1	26
	4 ә, 4 б	25	1	26
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықпен бекітілген 14-қосымшасымен өзгерістер енгізілген);	2 а	21	6	27
	3 а	24	6	30
	4 а	24	6	30
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықпен бекітілген 19-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);	5 а, 5 ә	27	6,5	33,5
	6 а	27	6,5	33,5
	7 а, 7 ә	28	8,5	36,5
	8 а	28	9,5	37,5
	9 а	29	11	40
(2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрықпен бекітілген 6-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	5 б, 5 в, 5 г	28	0,5	28,5
	6 ә, 6 б, 6 в	28	0,5	28,5
	7 б, 7 в	31	0,5	31,5
	8 ә, 8 б, 8 в	32	0,5	32,5
	9ә, 9 б, 9 в	33	1	34
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен бекітілген 86-қосымшасымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	10 а, 10 ә	32	3	35
	11 а, 11 ә	32	3	35

**2024 – 2025 оқу жылының оқу жүктемесі** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы негізінде әзірленді.

**1 – 4 сыныптардағы оқу жүктемесі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның ) оқу жоспарлары 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығының 1-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік жоспары» негізінде 1 – 4 сыныптардың оқу жоспары жасалды;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген гимназиялық сыныптарына арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспарлары 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығының 9-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізінде гимназиялық 1 – 4 сыныптардың оқу жоспары жасалды.

**5 – 9 сыныптардағы оқу жүктемесі:**

1. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарының оқу жүктемесі: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде әзірленді.
2. Гимназиялық 5 – 9 сыныптардың оқу жүктемесі: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 19-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізінде әзірленді.
3. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша оқу жүктемесі: ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 86-қосымшасы, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 27-қосымшасы «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия сыныптарына жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары» негізінде әзірленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйек № 375 жалпы білім беру ұйымдарының түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығын негізге ала отырып, жыл сайын гимназия сыныптары ашылды. 5 – 10 сыныптар аралығындағы гимназия сыныптары жалғастырылды.

2024 – 2025 оқу жылы	Сынып	Инварианттық оқу жүктемесі	Вариативтік компонент	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрықпен бекітілген 1-қосымшасымен өзгерістер енгізілген;	1 а, 1 ә, 1 б, 1 в	18,5	1	19,5
	2 б	22	2	24
	3 ә, 3 б, 3 в	25	1	26
	4 б, 4 ә	25	1	26
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрықпен бекітілген 9-қосымшасымен өзгерістер енгізілген;	2 а, 2 ә	21	6	27
	3 а	24	6	30
	4 а	24	6	30
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықпен бекітілген 19-	5 а	27	6,5	33,5
	6 а, 6 ә	27	6,5	33,5
	7 а	28	8,5	36,5
	8 а	28	9,5	37,5


қосымшасымен өзгерістер енгізілген;	9 а	29	11	40
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрықпен бекітілген 6-қосымшасымен өзгерістер енгізілген;	5 ә, 5 б	28	0,5	28,5
	6 б, 6 в, 6 г	28	0,5	28,5
	7 б, 7 ә, 7 в	31	0,5	31,5
	8 б, 8 ә, 8 в	32	0,5	32,5
	9 ә, 9 б, 9 в	33	1	34
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықпен бекітілген 27-қосымшасымен өзгерістер енгізілген; 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 86-қосымшасы.	10 а	28	11	39
	10 ә	32	3	35
	11 а, 11 ә	32	3	35

Оқу үдерісін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету қазіргі таңда оқу жоспарын толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

## 2.5 «№2 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы

Мектептегі ұйымдастырылған үйірме оқушыларды көптеп қатыстыру, үйірме жұмысына тарту оқу жылы ішінде үздіксіз жүргізіліп отырады. Соның нәтижесінде мектеп оқушыларының үйірме жұмысына тартылуы жыл сайын өсіп келеді. Төмендегі кестеде спорттық үйірмелерге қатысатын оқушылар туралы мәліметті көруге болады:

Спорттық секция	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Шахмат	35	38	42
Волейбол	41	44	44
Баскетбол	39	30	29
Тоғызқұмалақ	28	25	25
Футбол	41	37	35
Үстел теннисі	37	30	35
Бес асық	36	18	17
Асық ату	39	30	34
<b>Барлығы</b>	<b>296</b>	<b>252</b>	<b>261</b>



Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауға қатысу нәтижелер мониторингі


Жылдар	Қалалық	Облыстық	Республикалық
2022-2023	18	5	0
2023-2024	23	8	1
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025ж.)	7	1	0



Үйірмелер атауы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
«Ғажайып сахна» театр	16	15	30
«Shabyt» пікірсайыс клубы	20	23	25
Хореография	43	43	50
«Талантино» вокал үйірмесі	15	32	17

«Домбыра сазы»	25	23	32
“Жас қалам”	-	15	-
“Жас сарбаз” клубы	25	23	25
Қол өнер	-	-	20
<b>Барлығы</b>	<b>144</b>	<b>174</b>	<b>199</b>

Спорттық үйірмелер мен қатар мектеп бойынша эстетикалық үйірмелер де құрылып, оларға оқушылар өз қызығушылықтары бойынша қатысып отырады. Осындай үйірмеге қатысатын оқушылар туралы мәліметті төменде келтірілген кестеден көре аламыз:



Жалпы айтқанда мектеп оқушыларының бос уақытын дұрыс ұйымдастыру бойынша барынша жағдай жасалып, көңіл бөлінеді.

Оқушылар өз қызығушылығы бойынша әр түрлі үйірмерелерге қатыса алу мүмкіндігімен қатар ғылыми жобаларға қатысу олимпиадаларға қатысу бойынша да бірқатар мүмкіндіктерге ие.

**Қорытынды:** Шығармашылық үйірмелердің нәтижесі бойынша оқушылардың әр түрлі сайыстарға қатысуы қалалық, республикалық деңгейге жеткенін көруге болады. Оқушылардың бос уақыт ұйымдастыру мониторингісі бойынша балалардың жеке дарындарын дамыту жүйелі жұмысты куәландырады. Талдау кезеңінде қамту үлесі артқандығын көрсетеді.

## 2.6 «№2 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің рухани - адамгершілік, азаматтық - патриоттық, көркемдік - эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс - әрекеттің нысандары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 2 қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде жасалынып, бекітілді.

**Мақсаты:** Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Мектепте білім беруді жүзеге асырудың негізгі міндетін сынып жетекшілері жүзеге асырады. Мектепте 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері нормативтік құжаттарға сәйкес тәрбие жұмысының жоспарларын жасады. Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыстың әртүрлі формалары қолданылды: тақырыптық сынып сағаттары; шығармашылық конкурстарға қатысу: сурет конкурстары, оқырмандар конкурсы; ұжымдық шығармашылық істер; оқушылармен жеке әңгімелер; ата-аналармен жеке әңгімелер; ата-аналар жиналыстары өткізіледі.

**Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша** Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие: мемлекеттілікті нығайтуға, қазақстандық имиджді қалыптастыруға,



мемлекеттік тілді қолдану мен нығайтуға қатысу, Отанға қызмет ету мақсатында "Оқуға құштар мектеп", "Адал ұрпақ", "Даналық мектебі", "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы", "Өзін-өзі басқару ұйымы", "Құқық бұзушылықтың, буллингтің, зорлық-зомблықтың алдын алу", "Ұлттық тәрбие", "Рухани адамгершілік тәрбие", "Еңбек тәрбиесі", "Family day", «Апталық сұхбат», «Жасыл мектеп» жобалары.

"Білім күні", "Соңғы қоңырау" салтанатты жиындары, "Менің Отаным – Қазақстан", "Мен және менің құқықтарым", "Табысты тұлға", "Мемлекеттік символдар", "Менің туым", "Менің тандауым - қазақ тілі" жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралармен қамтылған.

**Ұлттық тәрбие:** іс-шаралар ұлттық мұраға, ұлттық мәдениетке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған. "Әліппемен қоштасу", "Тілім менің ғасырларға аманат" (А.Байтұрсыновтың туған күніне арналған),

"Наурыз мейрамы", "Қазақ халқының ұлттық құндылықтары" тақырыбында "Асқақалдар тағылымы" қоғамдық бірлестігінің төрағасымен кездесу, сынып сағаттары, "Мирас", "Аққу" жобаларын іске асыру, үзілістегі ұлттық ойындар өткізілді.

**Рухани-адамгершілік тәрбие:** балаларда академиялық адалдық қағидатын тәрбиелеу, моральдық нормаларды сақтау, шешім қабылдау және жауапкершілік сезімін қалыптастыру жобаларын іске асыру арқылы "Отбасы мен мектептегі оқушы этикасы", "Жақсылық қадамдары", "Мен болашақ жауынгермін", «Сыныптан тыс және бос уақыт», "Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы", «Алғыс айту – парызың!» , "Ұстазға алғыс", "Сыйластық деген не?" және т.б сынып сағаттары өткізілді. "Менің Қазақстаным", "Менің өлкем" сурет байқауы, "Бұл әлем қандай тамаша", "Мектеп – біздің ортақ үйіміз", "Біздің өлкеміз" викторинасы, адамдарға, отбасы мүшелеріне, сыныптастарына, айналасындағы адамдарға арналған акция ұйымдастырылды. Мектепте ата-аналармен жұмыс мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі: нормативтік құжаттар негізінде ата-аналарды мектеп қызметінің барлық салаларына белсенді тарту, ата-аналарды жалпыға бірдей оқытуды ұйымдастыру, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлқының алдын алу үшін жағдайлар жасау. Жалпы мектеп және сынып жиналыстары өткізілді.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие:** мектеп және мектеп аумағын көгалдандыру, гүлзарлар салу, бөлме өсімдіктерін пайдаланып мектеп интерьерін көгалдандыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылады. «Мектебіме бір гүл» акциясы, «Таза мектеп» челенджері өткізілді

Сыныптан тыс және бос уақыт: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың дене бітімін дамыту мақсатында мектеп оқушыларын бос уақытын тиімді ұйымдастыру ретінде 5 секцияда ұйымдастырылды: баскетбол, волейбол, пионербол, асық ату, шахмат, үстел теннисі. Мектеп оқушылары аудандық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылады. Жалпы, мектеп үйірмелері мен секцияларында қамтылған оқушылар 100% құрайды. Барлық сабақтан тыс сабақтар мен спорт секциялары кестеге сәйкес кесте бойынша жұмыс істейді.

Құқық бұзушылықтың, буллингтің, зорлық- зомблықтың алдын алу. Мектептегі құрылған құқық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын- алу кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Жыл бойынша құрылған жұмыс жоспары мен кеңес мүшелері таныстырылады. Кеңес мүшелері үнемі қадағалап отырды. Кешкілік уақытта көшеде себепсіз оқушылардың жүрмеуін тәртіп сақшылары мен кеңес мүшелері және сынып жетекшілер жұмыс жасайды. Қалалық рейдтерге жиі шығып тұрамыз. Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттік, бопсалау және басқа да қылмыстық фактілерді анықтау бойынша оқушылар арасында жасырын сауалнама алынады.

**Мектепте жүзеге асатын жобалар:**

**«Family day» жобасы.** Мектеп ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығымен бірлесе жұмыс істей бастады. Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге ықпал етуге арналған. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалардың әл-ауқатының теориялық негіздеріне негізделеді, олардың дамуының жас ерекшеліктерін ескереді.

Ата-аналармен тәжірибелік сабақтар, мектептерінің ата-аналарына арналған "Интернеттегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Біздің мектептің ата-аналары

сыныпта және мектеп іс- шараларын өткізу кезінде белсенді қатысушылар мен көмекшілер болып табылды.

#### **«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы**

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталық сабақтарында ата- аналар мен өзара әрекеттесу үдерісінің ерекшеліктерін 3 топқа бөлініп қарастырылады. Эмоционалды көңіл – күй қалыптастыру. Бұл кезде ата-аналар сабақ тақырыбын ұғынады: ойындарға, тестерге қатысады, сұрақтарға жауап береді. Нәтижесінде: Сенімге негізделген қатынастар орнайды, білім беру үдерісіне қатысу қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық блок: миға шабуыл, эксперимент, блиц – сұрақтар, сторителлинг, бейнематериалдар. Ата – аналар тарапынан ойланады, талқылайды, талдайды, қорытынды жасайды, QR код пен әдебиетке сілтемелерді пайдаланады. Нәтижесінде: Қойылған мәселелердің өзектілігін түсінеді, ананың, әкенің рөлі, балалардың жас ерекшеліктері туралы түсініктерін тереңдетеді.

Практикалық іс – әрекет: тренингтер, хакатон, ворк – шоп, кейс – стади, жаттығулар, іскеройындар, рөлдікойындар, шағын пікірталастар. Ата – аналар тарапынан өз ұстанымдарын айтады шешім ұсынады, рөлдерді орындайды, өз тәжірибелерімен бөліседі, бір – бірінен үйренеді, шағын жобалар, алгоритмдер жасайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Нәтижесінде: Отбасындағы қарым – қатынас, белсенді тыңдау, жанжалды реттеу, күйзеліске төзімділікті дамыту, стандартты емес жағдайларды шешу дағдыларын игереді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» сабақтары бойынша ата- аналар мен коучингте буллингтің, аутодиструктивті мінез құлықтың алдын алу, құқық бұзушылықтың алдын- алу бойынша талқыланды. жаряланады. Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ республикалық науқана ясында 1-9 сыныпта "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында сынып сағаты өтті.

**«Адал ұрпақ» жобасы.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы жеткіншектерді адал болуға жетелейді. Ұйымның қызметі өзінің жеке жұмыс жоспары, мақсаты, міндеті және ұраны бар және сенім жәшігі, сенім телефоны жұмыс жасайды. Биыл облыстық слетке қатысып, бізге байқаудан 3 орын тиесілі болды. Әр оқу жылының басында «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары бойынша жауапты тұлғалар тағайындалып, ұжымға таныстырылады, сонымен қатар арнайы білім басқармасының хатына сәйкес әр түрлі қажеттіліктерге ақша жинамау туралы бұйрық шығарылып, мұғалімдер мен ата-аналар таныстырылды. Педагогикалық кеңес отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және этика кодексі қаралып, бекітілді. Мектепқызметкерлері мен жұмысшылары қызметтік әдеп кодексімен таныстырылды. Ата-аналар жиналысында сыбайлас жемқорлықтың алдын- алу мақсатында құқықтық сауаттылығын арттыру жиындар өткізілді. Әрбір оқу жылында жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, жауапты адамдар жоспарға сай жұмыстар жүргізіледі. Қазіргі кезде, жалпы бұл ұйымда 15 ерікті оқушылар мүшелік етеді. Жұмыс жоспарына сай «Адал ұрпақ» патриоттық клубы мүшелерінің отырысы, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, пікірталас практикумдары, елімізге танымал тұлғалармен адалдық сағаттары, оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру бағытында өткізіледі.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы.** «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепішілік өткізілген «Бір отбасы-бір кітап» жобасы жобасы жүзеге асырылады. 2021-2025 жылдарға арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жоспары негізінде «Бір отбасы-бір кітап» атты мектепішілік жоба жалғасын тауып келеді. “Менім сүйікті кітабым” (ой бөлісу) акциясы өтті. Оқушылар өзі оқыған кітаптары жайлы, одан не түйгенін қысқаша айтты. Бір-біріне кітап жайында сұрақтар қойды, оқыған кітаптарына оқушыларға оқуға кеңес берді. Кітап туралы мақал-мәтелдер айтты, жұмбақтар шешті. Кітаптарды құрметтеу туралы сұрақтарға жауап тапты. Мақсаты: Оқырмандарды кітап оқу өнеріне, дүниетанымын кеңейтуге, білімдерді сарқып білуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, оқыған кітаптары жайлы бір-біріне айтып, қызықтыруға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты пайдалануға баулу. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 1- 4 сыныптар арасында ертегі, аңызы, қазақ халқының эпостарының сурет сайысы өткізді. Сайыстың мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру болып

табылады.

«Даналық мектебі» жобасы аясында мектепте «Әкелер кеңесі» және «Әжелер әлемі» клубтары ашылды. Жоспар бойынша ай сайын оқушылардың қатысуымен іс-шаралар өткізілді. Барлық өткізілген шаралар мектеп инстаграмм парақшасында, мектеп сайтында жарияланып отырылады. Ата-аналардың педагогикалық қолдау орталығының негізінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылды. Бұл орталықтың қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясы жұмыс атқарады:

**«Әжелер әлемі»**

- Ертегі – танымының көзі
- Ырым – тыйым – әдептілік негізі
- Қыз ғұмырдың құпиялары
- Қыздар білуге етiс.

**«Аналар кеңесі»:**

- Қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу
- Ана мен баланың құқықтарын қорғау, әйелдердің әлеуметтік рөлін арттыру

**«Әкелер кеңесі»:**

- Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер
- Бабалар дәстүрі – ұрпақ аәсиет
- Ағасыбардың – жағасыбар
- Ержігітке жарасар салауатты бейнесі

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»**

Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

орындаубасшылыққаалынды.Зқұндылықтынегізгеалаотырып,тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс – шаралар атқарылды.

Құндылық: Ұлттық мүдде.

-Отаншыл, мемелкетшілжәненамысшыл

-Мемлекеттікрәміздердіқадірлейді

-Елініңтарихынқұрметтейді

-Ұлттықмирастымәдениеттідәріптейді

-Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды.

Оқу жылының тәрбие жоспары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық мүдде, ар-ұят, талапқұндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Тәрбиенің мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал саналы азаматты тәрбиелеу.

Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, оның таңдауы мен шешім қабылдауына негізделген, оның әрекеттері мен мінез-құлқын анықтайтын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмысының жоспары ар-ождан, ұмтылыс, ұлттық мүдде құндылықтарын іске асыру бағыттарын қамтитын ҚР Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында жасалды.

**Ата–аналармен жұмыс**

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналар мен қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде жүзеге асады. Мектеп бала тәрбиесін ата-аналармен бірлесе жоспарлап, шараларды бірге өткізуге әрекеттенеді. Сол себепті мектеп қабырғасында әртүрлі формада ата – аналар жиналысы, оқулар, жарыстар, сайыстар, кенестер, форумдар өткізіледі. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы мен әр айдың 4 аптасында белгілі жоспар бойынша сабақтар өткізілді.

**Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің нысандары:**

Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебінің тәрбие үдерісі жылдық жоспар бойынша тәрбие жоспары Қазақстан Республикасының білім ұйымдарындағы Кешендік тәрбие бағдарламасы жұмысының барысында төменгі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде алынды.

✓ Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;

✓ Қазақстан республикасының Конституциясы;

✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі;

✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы;

✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214- IV Заңы;

✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қозғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169- VI Заңы;

✓ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қалусымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

✓ ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

✓ ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

#### **Тәрбие жұмысының мақсаты:**

Қазақстан республикасының, қоғамының, азаматтарының игілігі үшін жұмыс істейтін, өз жаңалықтары мен идеяларын прагматикалық тұрғыдан бағалап, оны капиталға айналдыратын, адамгершілігі жоғары, отанның сүйетін, елінің ертеңгі таңы үшін аянбай еңбек етіп жақсы нәтиже беретін идеялардың иесін тәрбиелеу.

#### **Тәрбие жұмысының міндеттері:**

✓ Білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;

✓ Балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрді сыйлауға тәрбиелеу;

✓ Өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;

✓ Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;

✓ Жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;

✓ Қазіргі заманғы қоғамдық өмірге тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру;

✓ Қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- ✓ Ой-өрісікеңінен, жан-жақты тұлға қалыптасады.
- ✓ Оқушылар мен жекетұлғаретінде қарым-қатынас орнайды.
- ✓ Жеке бас гигиеналарын ұстануды үйренеді.
- ✓ Ата-ана мен жүйені байланыс орнап, мектеп, ата-ана арасындағы байланыс нығаяды. Өзін-өзі тануға ұмтылады, белсенділіктері артады

#### **Тәрбие жұмысының негізгі бағыттар:**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Соңғы бес жылдық оқу жылы бойынша қорытынды талдау жасай отыра, тәрбие үдерісі бойынша мектептегі сынып жетекшілер алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырды.

### Мектеп ұжымының ұстамы:

- ✓ Тәрбиенің жариялығы
- ✓ Тәрбиенің қоғамдық және жеке бағыттылығына үйлесімдік
- ✓ Тәрбиенің еңбекпен, өмірімен байланысты
- ✓ Тәрбиедегі жағымды әрекетке сүйену


### Мектептегі тәрбие жұмысын өткізу формалары:

- ✓ Шығармашылық кештер
- ✓ Оқырман күнделігі
- ✓ Пікірталастар мен дебат
- ✓ Саяхат, серуен, жорықтар
- ✓ Кездесу
- ✓ Сұхбат сағаты
- ✓ Тренинг
- ✓ Тәрбие сағаттары
- ✓ Поэзия кештері
- ✓ Мұражай, кітапхана

### Нәтижесі:

- ✓ Дені сау азаматтық
- ✓ Жоғары ұрпақ қалыптастыру

### Тәрбие жұмысының басым бағыттары




### Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

**Мақсаты:** Отанға деген тиімді және эмоционалдық қарым-қатынас, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын мемлекет пен қоғамның заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар, балалар мен жастар ортасындағы қатерездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын патриот пен азаматты қалыптастыру.

Оқу жылдары	Конференциялар	Семинарлар	Дөңгелек үстелдер	Кездесулер	Сынып сағаттар	Акция
2022-2023	1	3	4	5	9	3

2023-2024	1	4	3	7	11	2
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025ж)	0	1	2	2 (3 жоспарлан ған)	3 (2 жоспарл анған)	2 (2 жоспа рланғ ан)




### Рухани-адамгершілік тәрбие.

**Мақсаты:** Жалпы адамзаттық құндылықтар, өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен қазақстандық қоғаммен келісіліп отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа тәрбиелеп, соны мақсат тұтса ұстаздың, ата-аналардың да болашағы зор болмақ. Олай болса жеке тұлғаны қалыптастыруда олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс- әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне- өзі талап қоя білуге тәрбиелеу - адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жетуде сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай кедергілерден өте білуді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. Тұлға рухани-адамгершілік тәрбие арқылы өзінің ізгілік ұстанымдарын тәрбиелеп, ақыл- ой мен іс-әрекеттерін ізгілік мұраттарға бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша жұмыс білім беру және тәрбиелеу процесі барысында да жүзеге асырылады. Оқушыларға рухани - адамгершілік құндылықтарды сыныптан тыс өткізілетін сабақтарда, әртүрлі тақырыптағы кештерде беруге болады.


Оқу жылдары	Конференциялар	Семинарлар	Дөңгелек үстелдер	Кездесулер	Атаулы күндер
2022-2023	1	2	4	4	2
2023-2024	0	2	3	3	2
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025ж)	0	1	2	3	1



## Ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** жеке тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарына құрмет көрсету.

Оқу жылдары	Конференциялар	Семинарлар	Дөңгелек үстелдер	Кездесулер	Атаулы күндер
2022-2023	0	2	3	4	4
2023-2024	1	1	2	4	4
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025 ж)	0	1	2	3	3



## Отбасылық тәрбие

**Мақсаты:** ата-аналарды ағарту, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.


Қазіргі кезде балаға отбасылық-қоғамдық тәрбие беруде мектептің, отбасының және қоғамның мақсат пен міндеттері бірдей. Кез келген ата-ана өз баласының жан – жақты дамыған, бойларында рухани байлық, жан дүниесінің тазалығының және дене бітімінің әсемділігінің үйлесімді болуын қалайды. Бұл жерде ата-аналарға қоғамның көмегі қажет. Мұндай көмек Қазақстан Республикасының Ата Заңымен ескерілген. ҚР «Білім беру туралы» заңында «Ата-аналардың жаппай педагогикалық оқытылу жүйесінің кеңейюі отбасы тәрбиесін жақсартуда маңызды рөл атқарады» деп көрсетілген.

Сонымен, оқушылардың отбасындағы тәрбиесінің әсерлі болуы алдымен мектепалды мекемелердің және мектептің көмегі негізінде ғана ойдағыдай бола алады.

Мектеп және ата-ананың бірлескен қызмет үрдісі ата-аналарды оқу-тәрбие жұмысына, мектепшілік және қоғамдық жұмыстарға, сабақтан тыс бос уақытты ұйымдастыруға, балалар мен мұғалімдердің бірлескен қызметтеріне белсенді қатысуына бағытталуға тиісті.

Оқу жылдары	Сауалнамалар	Ата-аналар жиналысы	Дөңгелек үстелдер	Кездесулер
2022-2023	9	5	7	5
2023-2024	7	5	5	11
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025 ж)	3	3	2	7






### Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

**Мақсаты:** кәсіби өзін-зі анықтауға саналы қарым-қатынасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау және экологиялық мәдениетін дамыту.

Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу; табиғатқа аялы қарым-қатынасын, оның байлығын еселеу ұмтылысын қалыптастыру; балалар мен жастарда экологиялық сауаттылықтың «экологиялық санасының» жоғары деңгейін, табиғат пен қоғамның эволюциясын қабылдау қабілетін дамыту және күнделікті өмірде оларды басшылыққа алуы үшін жағдай туғызу мақсатында төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді.

Оқу жылдары	Экологиялық шаралар	Семинарлар	Дөңгелек үстелдер	Саяхаттар (көрмелер, мұражайлар)
2022-2023	7	1	4	12
2023-2024	9	0	4	9
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025 ж)	5	0	2	3




### Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие.

**Мақсаты:** мінез-құлықтың жалпы, мәдени дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Оқу жылдары	БАҚ	Семинарлар	Дөңгелек үстелдер	Саяхаттар
2022-2023	2	1	8	9


2023-2024	1	1	5	7
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025 ж)	1	0	2	3



### Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

**Мақсаты:** әр тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Оқу жылдары	Атаулы күндер	Семинарлар	Дөңгелек үстелдер	Кездесулер	Дебаттар, сайыстар, сұхбаттар
2022-2023	8	1	7	3	16
2023-2024	10	1	9	4	18
2025-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025 ж.)	5	1	2	2	5




### Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты


**Мақсаты:** салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау үшін кеңістік құру.

Оқу жылдары	Челленджер, флешмобтар	Эстафеталар, сайыстар, жарыстар	СӨС шаралары	Кездесулер
2022-2023	9	16	11	7

2023-2024	10	18	15	9
2024-2025 (жағдай бойынша 1.03.2025ж)	5	7	6	3



### Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектептің жұмыс жүйесі



- ✓ Қазақстан Республикасының Заңын және өз құқықтарын жете біліп, қорғай білетін тұлға тәрбиелеу;
- ✓ Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын толық қамтамасыз ету; Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу;

- ✓ Кәзіргі заман талабына сай парасатты, Отанын, елін, тілін сүйетін жеке тұлға тәрбиелеу;
- ✓ Құқықтық негіздерінен алған білімді іс жүзінде қолдана білуге үйрету;

**Міндеті:**

Кәмелетке толмағандардың қараусыз қалмауын, құқық бұзушылықтарын болдырмау, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жұмыстары жөніндегі мәселелерді шешу. Заң қызметкерлері мен қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп жұмыс атқаруын үйлестіру, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық туралы мәселелерін қарау және қоғамдық тәртіпті қорғау мекемелері мен арнайы тәрбиелеу мекемелері арқылы әдістемелік жұмыс жүргізу.

- ✓ Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы маскүнемдік, нашақорлық, жыныстық жүгенсіздік, зорлық-зомбылықтың етек алуымен күресу;
- ✓ Құқық тәртібін бұзған, сондай-ақ оқу тәртібін бұзуға, маскүнемдікке, бұзақылыққа және адамгершілікке қайшы өзге әрекеттерді жасауға бейім адамдардың есебін алып, олармен жеке тәрбие жұмысын жүргізу;
- ✓ Заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайын талдау, қорытындылау мен зерттеудің негізінде тиісті органдарға заң бұзушылықтың себептері мен оның болуына көмектесетін жағдайларды жою туралы ұсыныстар мен нұсқаулар беру;
- ✓ Құқықтық білім мен тәрбиені жан-жақты тереңдету;
- ✓ Құқықтық мәдениет пен адамгершілікті қалыптастыру.

Мектебімізде сыныптан тыс тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Кешенді тәрбие бағдарламасын негізге ала отырып құрылады. Педагогикалық ұжымның стратегиялық мақсаты-өркениетті еліміздің жан -жақсы мәдениетті, алғыр, жасампаз қабілетті, азат еңбекке және шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу. Осы шешу үшін мектепке қолайлы жағдай жасалынған материалдық-техникалық, оқу және педагогикалық базасымен толық қамтылан. Мектебімізде құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу үшін тәрбие жұмысы үлкен роль атқарады. Тәрбие сағаттарында өзіңе және басқа адамдарға адамгершілікпен қарау, мейірімділікке тәрбиелеу, құқықтың мәдениетті құру ең негізгі қызмет екендігі айтылады.

Мектепте азаматтылық-құқықтық тәрбие дұрыс жолға қойылған. Құқықтық сынып сағаттар, мемлекет рәміздерін құрметтеуге арналған іс-шаралар, өз елінің дәстүрі мен салтын құрметтеуге арналған танымдық іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Сонымен бірге басқа ел халықтарының салт-дәстүрлерін сыйлауға үйрететін тәрбие сағаттары жүргізіледі. Сабақ босату, мектеп тәртібін бұзу бойынша мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер жағынан нақты есеп жүргізіліп, педкеңесте қаралады. Қазіргі уақытта оқушыларды тәрбиелеудің барлық қызмет түрлерінде олардың шығармашылық сәттері тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындады. Оқушылардың еңбек, танымдық, көркем-эстетикалық, дене шынықтыру-сауықтыру, сыныптық-жалпылау жұмысына жаңа шығармашылық мазмұн енгізу. Ата-аналармен жұмыстың әр түрлі формаларын түрлендіру қажет, оларды оқу-тәрбие үрдісіне қатысуға тарту керек. Осы маңызды сұрақтарды шешу жаңа оқу жылында тәрбие жұмысының басты бағыты болып саналады. Есептің түрлі түрлерінде тұрған балалардың қолы бос болмаушылығына есеп жүргізіледі, бұл топтың оқушыларына педагогтар және ата-аналар қоғамдығы санынан қоғамдық тәрбиешілер бекітілген. Есепте тұрған оқушылардың мәліметтерінің банкі құрылған. Осы оқушылар арасында рөлдік ойындар, құқықтық жалпы оқыту, диспуттар - бала құқығы проблемалары жөніндегі оқушылар мен жұмыстың стандарт емес түрлері, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау түрлері, «Ең үздік құқық білуші» құқықтық конкурстар, бала құқығын қорғау бойынша дебаттар пайланылады, девиантты қылықты әр баламен жеке жұмыстар жүргізіледі.

**Мектеп әкімшілігімен құқық бұзушылықтың себебін анықтау жөніндегі диагностика**

Жылдар	Девиантты мінез-қылықты балалар саны	МІБ есебінде тұрған оқушылар саны	Жасалған қылмастар саны	Сотталғандар саны
2022-2023	0	1	0	0
2023-2024	0	9	1	0
2024-2025	0	16	0	0




**Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы.** Әлеуметтік педагогтың мақсаты – оқушыларға әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес, проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білуге, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагогтың қызметтік функциялары:

- Аз қамтылған жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айрылған отбасының балалары және көпбалалы отбасы балаларының тізімін жасау;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айрылған отбасының балалары және көпбалалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айрылған отбасының балалары және көпбалалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;
- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
- «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясына қатысу;
- «Қамқоршы күні»
- ҚР Президенттік, облыстық және қалалық «Жасыл шырша» мерекесіне қатысатын оқушыларды таңдау және жіберу.

Жылдар Дәреже	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Мектептегі оқушы саны	891	851	819
Аз қамтамасыздандырылғандар	75	73	66

Көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар	77	77	166
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	2	1	0
Жетім балалар	1	1	1
Толық емес отбасылар	127	114	141



Әлеуметтік педагогиканың мақсаты - оқушыларға әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес, проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білуге, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

**Әлеуметтік педагогтың қызметтік функциялары:**

- ✓ Аз қамтылған жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айырылған отбасының балалары және көпбалалы отбасы балаларының тізімін жасау;
- ✓ Аз қамтылған жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айырылған отбасының балалары және көпбалалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;
- ✓ Аз қамтылған, жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айырылған отбасының балалары және көпбалалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;
- ✓ Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
- ✓ «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясына қатысу;
- ✓ Қалалық және президенттік «Жасыл шырша» мерекесіне қатысатын оқушыларды таңдау және жіберу.

**Ыстық тамақты ұйымдастыру**

Биылғы оқу жылының басында жалпы оқу қорынан мектеп асханасынан 66 оқушы (66+10 арендатор есебінен) бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың бір күндік ас мәзір бағасы, жас ерекшелігіне байланысты баға: 6-11 жас - 567тенге, 11-14 жас - 692 тенге, 15-18 жас - 775тенге. Мектептің тәуелсіз бақылау комитеті асхана жұмысының жағдайын тексеріп, ондағы бір күндік ас мәзірі бойынша берілген тамақтың құрамын, мөлшерін тексеріп, тексерген кезде анықталған кемшіліктерге ескерту айтылып, анықтама берілді. Асхана жұмыскерлерінің медициналық тексерістен өткен медициналық кітапшалары бар. Асханада тамақтандыруды тіркейтін, тазалықты, бракеражды, апталық ас мәзірін, тері ауруларын, тезбұзылатын тағамдарды тіркейтін журналдарға уақытында тіркеліп, қадағалап


отырады. Күнделікті тоңазытқыштың температурасын термометр арқылы өлшеніп, журналға тіркеледі. Тамақтың жарамдылығын анықтайтын «Сертификат» қағаздары медбикеді тіркелген. Барлық беріліп жатқан тамақтардың жарамдылық мерзімі нормаға сай. Тамақ сақтайтын қоймада ұннан жасалған, дәнді-дақылды, жарма тағамдары ҚР Үкіметінің бекіткен қаулысы негізінде бекітілген 06 шілде 2020 жылғы №20935 бұйрық бойынша санитарлық тазалық сақтау ережесіне сай сақталған.

**Жаппай оқу қорынан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім, азқамтамасыз етілген және көпбалалы отбасының балаларына қаражаттың бөлінуі.**

**Жаппай оқу қорынан көмек алған оқушылар саны**


Жылы	Жалпы бала саны	Оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім	Аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан бала саны	Көпбалалы отбасынан шыққан бала саны	Тамақтанғаны	Арендатор есебінен тегін тамақтанған оқушылар
2022-2023	891	3	75	77	75	10
2023-2024	851	2	73	77	73	10
2024-2025	819	1	66	166	66	10

Жаппай оқу қорынан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім, азқамтамасыз етілген және көпбалалы отбасының балаларына қаражаттың бөлінуі.  
Жаппай оқу қорынан көмек алған оқушылар саны



2023-2024 оқу жылының басында мектебімізде оқушы, 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда оқушы байланысты азайды. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы, ыстық тамақпен қамтылуы талапқа сай жүргізіледі және құжаттарының жинақталғаны анықталды. Аз қамтамасыз етілген отбасының балаларын қажетті киім, аяқ киім, оқу құралдарымен және сауықтыру лагерлеріне ата-аналардың өтініші бойынша уақытында қамтамасыз етілген.

Жылы	Бөлінген қаржы	Тамаққа
2022-2023	3726000	4794000
2023-2024	3499904	6868196
2024-2025	3277890	5303039



Динамикаға сараптамасы бойынша жылдан жылға бөлінген қаражаттын азаюына оқушыларының сандық көрсеткіші кемігені негізгі себеп. Оқумен қамтылған балаларды анықтау, аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмей қалуының алдын алу мақсатында Республикалық «Мектепке жол» акциясы әр жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында жүргізіледі. Акцияға біздің мектебіміз де өз үлесін қосып, акцияның іс-шаралар жоспары жасалды. Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер жанындағы жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры, күнкөрісі төмен отбасынан шыққан аса мұқтаж 1-11 сынып оқушыларын әлеуметтік қолдау мақсатында құрылған. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 4 бабы 21 тармақшасын жүзеге асыру мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына қосымша 2012 жылдың 22 ақпанындағы №225 бұйрығында «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін» бекітті. Мектеп ішіндегі бұйрықпен бекітілген жауапты тұлға ата-аналардың немесе олардың орнындағы тұлғалардың өтініштері негізінде қаржылық және материалдық көмек көрсетуге мұқтаж балалардың тізімі жасалып, сондай-ақ көмек көрсету түрлері атап көрсетілді. Қорытынды: 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда мектебімізде 2024-2024 оқу жылында оқушы саны кеміді. Оқушылар қозғалысы, оқушылардың сабаққа қатысуы, оқушылардың әлеуметтік жағдайы, ыстық тамақпен қамтылуы талапқа сай жүргізіледі және уақытымен құжаттар жиналады. Аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасының балаларын, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларды қажетті киім, аяқ киім, оқу құралдарымен ата-аналардың өтініші бойынша уақытында қамтамасыз етіледі.

## **№2 ЖОББМ бойынша Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында орындалған жұмыс есебі.**

**Мақсаты:** Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмей қалуының алдын алу мақсатында Республикалық «Мектепке жол» акциясы әр жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында жүргізілді. Акцияға біздің мектебіміз де өз үлесін қосып, акцияның іс-шаралар жоспары жасалып, іске асты. Осыны басшылыққа алып әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың тізімі жасалып, демеушілерге берілді.”Павлодар қаласы Трамвай Басқармасы” Джафарұлы “Бақытты отбасы” жобасы



12	Жуманова Асем Муратовна	2022- 2023	"Ерте кәсіптік бағдар беру - оқушыны әлеуметтендірудің негізі	қалалық
13	Жуманова Асем Муратовна	2023- 2024	"Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт" қалалық білім беру ұйымдарының педагогтердің тамыз семинары	қалалық
14	Жаменкенова Гульжан Шайхесламовна, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	2022- 2023	"Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асыру	қалалық
15	Жаменкенова Гульжан Шайхесламовна, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	2022- 2023	"Инклюзия" жобасы	қалалық
16	Жаменкенова Гульжан Шайхесламовна, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	2023- 2024	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер	облыстық



1 7	Жаменкенова Гульжан Шайхесламовна, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі	2022- 2023	Оқылым стратегияларын тиімді пайдалану жолдары"	қалалық
1 8	Сапина Гулнар Калихановна	2022- 2023	"Қазақ тілі сабақтарында тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамыту"	облыстық
1 9	Сапина Гулнар Калихановна	2023- 2024	"Ерте кәсіптік бағдар беру - оқушыны әлеуметтендірудің негізі"	қалалық
2 0	Сапина Гулнар Калихановна	2023- 2024	"Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер"	облыстық
2 1	Сапина Гулнар Калихановна	2024- 2025	"Баршаға қолжетімді сапалы білім" жол картасын және "943-нысаналы мектептерді дамыту" республикалық іске асыру аясында тәжірибе бөлісу	қалалық

### Орыс тілі мен ағылшын тілі пәндері бойынша

№	Педагогтердің ТАӘ, мамандығы	Оқу жылы	Тәжірибелерінің тақырыбы	Деңгей
1	Абуова Айгуль Биляловна	2022 - 2023	Мастер -класс в Өрлеу «Научный проект как средство формирования научного стиля »	облыстық
2	Машимова Алмас Шарапатовна	2022 - 2023	"Инклюзия" жобасы	Қалалық
3	Калимова Алтынай Какимовна	2022 - 2023	"Оқушылардың жобалау-зерттеу қызметінің тиімділігі" семинарының қатысышысы	облыстық
4	Абуова Айгуль Биляловна	2023 - 2024	"Использование графических оргонайзеров и активных методов обучения при изучении сложных тем на уроках русского языка и литературы"	облыстық
5	Досова Сандугаш Жумабаевна	2023 - 2024	3 сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған орыс тілі бойынша формативті бағалау тапсырмалары	облыстық
6	Калимова Алтынай Какимовна	2023 - 2024	"Мемлекттік тілде оқытатын мектептердегі орыс тілі пәні бойынша оқушылардың қалалық олимпиадасына тиімді дайындық стратегиясы" семинарының қатысышысы	қалалық
7	Камалиденова Айман Жамангатовна	2023 - 2024	Применение активных методов обучения при изучении сложных тем на уроках русского языка и литературы в 5-9 классах"	облыстық
8	Камалиденова Айман Жамангатовна	2023 - 2024	Представление опыта работы на Международной научно-практической конференции "Языки мудрости" по теме: "Русские пословицы в лингвокультурологическом аспекте"	халықаралық

	вна			
9	Агинбаева Куралай Маратовна, ағылшын тілі	2024 - 2025	«Оқыту-тәрбиелеу жаңа технологияларды жүйелі түрде енгізіп, білім және тәрбие беру сапасын көтеру арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту» процесіне	Облыстық
10	Абуова Айгуль Биляловна	2024 - 2025	Представление опыта работы в академии им. Алтынсарина «Применение продуктивных технологий, приемов обучения и оценивания на уроках русского языка и литературы»	халықаралық

### Эстетика мұғалімдерінің бірлестігі

№	Педагогтердің ТАӘ, мамандығы	Оқу жылы	Тәжірибелерінің тақырыбы	Деңгей
1	Орекенов Асылбек Туякбаевич, дене шынықтыру	2022-2023	"Ұлттық ойын асық ату спортын дамыту" тақырыбында тәжірибе алмасу	Облыстық
2	Байдильдинова Айтжамал Нурлыбековна, музыка	2022-2023	"Жетекші мектеп инновациялық трансформациялардың көшбасшысы ретінде" өз тәжірибесімен бөлісті	Облыстық
3	Байдильдинова Айтжамал Нурлыбековна, музыка	2023-2024	"Инклюзия" жобасы қалалық семинарында педагогикалық тәжірибесімен бөлісті	Қалалық
4	Шарипов Еламан Аскарулы. Көркем еңбек.	2023-2024	" Көркем күйдіру әдіс-тәсілдері"	Облыстық
5	Шарипов Еламан Аскарулы. Көркем еңбек	2023-2024	" Бұйымды көркемдеп күйдіру "	Қалалық
6	Орекенов Асылбек Туякбаевич, дене шынықтыру	2023-2024	"Асық ату үйірмесін ұйымдастыру" тақырыбында облыстық іс-тәжірибе алмасу	Облыстық
7	Бектурова Сауле Рымбековна, көркем еңбек	2024-2025	«Тоқыма мозайка техникасында тігін бұйымдарының дизайны, құрақ құрау	Қалалық

### Қорытынды

Байқалады :

Педагогикалық қызметкерлердің кәсіби нәтижелілігінің оң динамикасы

- қалалық, облыстық деңгейлерде педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесін зерделеу, жинақтау, тарату бойынша мектеп әкімшілігі жұмысының тиімділігі
- педагогтердің облыстық, республикалық, халықаралық семинарлар мен конференцияларға белсенді қатысуы, түрлі деңгейдегі жұмыс тәжірибесін таратуы
- Деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің 40% өз жұмысына инновациялық технологияларды табысты енгізуге келесі мәселелер бойынша білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес ҰТТ тапсырмаларын әзірлеу: критериалдық бағалау бойынша тапсырмаларды жасау және сараптау;
- Облыстық, республикалық, халықаралық басылымдарда мақалалар жариялау арқылы педагогтердің жұмыс тәжірибесінің таралуының оң динамикасы.

### 2.13 Оқу – әдістемелік жұмыс

**Тақырып:** «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру - қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етудің маңызды ресурсы».

**Мақсаты:** Білім берудің жаңа стандарттарын іске асыру жағдайында педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесін ұйымдастыру арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау.
2. Мұғалімдердің мазмұны, білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру тетіктері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқытудың белсенділік тәсілдерін енгізу, оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау мәселелеріндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру.
3. Педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша педагогтердің қызметін ынталандыру.
4. Білім беру процесіне оқытудың интерактивті нысандарын белсенді енгізуге жәрдемдесу.
5. Педагогикалық тәжірибені тарату бойынша педагогикалық қауымдастықтар құруға бастама жасау.
6. Мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесін ұйымдастыру арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау.
7. Мұғалімдердің мазмұны, білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру тетіктері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқытудың белсенділік тәсілдерін енгізу, оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау мәселелеріндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру.
8. Педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша педагогтердің қызметін ынталандыру.
9. Білім беру процесіне оқытудың интерактивті нысандарын белсенді енгізуге жәрдемдесу.
10. Педагогикалық тәжірибені тарату бойынша педагогикалық қауымдастықтар құруға бастама жасау.

Мектепті дамыту бағдарламасының бағыттарының бірі жүйелі кәсіптік бағдар беру іс-шараларын ұйымдастыру, бастауыш, негізгі және орта мектептерде оқушылардың қызығушылықтарын және оқушыны жетістікке жетуге дайындау, өзін-өзі тану мүмкіндіктерін ұсыну, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, мамандыққа ертерек бейім алатын жаңа типтегі түлек дайындау болып табылады.

№2 жалпы орта білім беру мектебі оқудағы тәсілдерді, тәжірибені, озық тәжірибені Қазақстанның орта білім беру жүйесіне аударып, сол арқылы еліміздегі білім мен тәрбие сапасын арттыруға ат салысуда. Біздің мектептің түлектері - өз елінің патриоты, адамгершілік құндылықтары тұрақты, олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген, үйлесімді дамыған, өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа ұмтылған, сыни тұрғыдан ойлайтын болашаққа нық қадам басқан азаматтар. Сондай-ақ, Қазақстан мен шетелдік жоғары оқу орындарына түсіп, бітіріп, еңбек нарығында табысты бәсекеге түсуде.

Мектептің қалыптасқан және сақталған дәстүрлері, ұстаздардың біліктілігінің жоғары деңгейі, мұғалімдердің шығармашылық тобының нәтижелі жұмысы, түлектердің талап етілетін білімі, дарынды балаларды анықтау тетіктерінің дамуы, үнемі дамып отыратын материалдық-техникалық базасы, мектеп үлгісін - Жетістік мектебін құрудың белгілі бір бастапқы мүмкіндіктерін білдіріп отыр. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына сүйене отырып, №2 жалпы орта білім беру мектебінің педагогикалық ұжымы жетекші идеялар ретінде анықтап, оқушыға бағытталған білім беруді жүзеге асырудың бірнеше түстарын қарастырып, жүзеге асыруда.

№2 жалпы орта білім беру мектебі түлектерінің келешегі зор моделі - қазіргі қоғам жағдайында әлеуметтік және кәсіби өмірге толық тиімді қатысуға қабілетті, құзыретті, өміршең және ұтқыр тұлға. Сәйкесінше, мектеп қызметінің нәтижесі, бір жағынан, түлектің қалыптасқан тұлғалық қасиеттері болса, екінші жағынан, әлеуметтік ортада және құзіреттілікте маңызды болып табылатын бітірушінің құзыреттіліктері болады. Сондықтан да жүйелі түрде кәсіптік бағдар беру іс-шараларын ұйымдастыру, оқушының өзін-өзі анықтауға және өзінің жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер ұсыну. Осы мақсатты орындау үшін, мектеп "Мектеп пен жұмыс беруші арасындағы ынтымақтастық негізінде оқу-тәрбие жүйесін ерте кәсіби бағдар беруге бейімдеу" тақырыбында инновациялық жобаларды жүзеге асыруда.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстары келесідей бағыттардан тұрады:

- Кәсіби ақпараттандыру;
- Кәсіби кеңес беру;
- Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- Практикалық оқыту.

Мектепте оқушылардың кәсіби білімін жетілдіру, мамандықтарға баулу, кәсіпкерлік дағдыларын оңтайлы және жеткілікті кадрлық, ақпараттық-әдістемелік жағдайлар жасалған. Кәсіби ақпараттандыру мақсатында мектептің дәліздерінде, оқу бөлмелерінде арнайы бұрыштар орналастырылған. Сонымен қатар, тәрбие циклограммасына сәйкес, "Мамандықтар әлемінде" сынып сағаттары сериясы өткізіледі. 2024 жылдың қараша айында оқушылардың ата-аналарының қатысуымен "Кәсіби бағдар беру онкүндігі" аясында төмендегідей іс-шаралар өтті.

Бастауыш буында:

- "Кім болам?" тақырыбында суреттер көрмесі
- Полиция қызметкері, №3 Өрт сөндіру бөлімі - өрт сөндіруші маманымен кездесу;
- "Барлық жұмыс жақсы, барлық мамандық маңызды" рөлдік ойындар;
- "Кім боламын" тақырыбында лэпбук, буклеттер көрмесі;

Орта буында:

- "Мамандықтың бәрі жақсы" сәулетшімен сұхбат;
- «Қазақтелеком» АҚ филиалының бөлшек сауда бөлімшесіне экскурсия;
- Павлодар стансасындағы желілік полиция бөліміне экскурсия;

Жоғарғы буында:

- "Қызыл ай" қоғамының практикалық сабағы;
- Республика бойынша ЖОО-студенттері, мектебіміздің түлектерімен кездесу.

Кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыру мектептің психологиялық қызметімен қатар жүреді. Бірінші жартыжылдықта мектеп оқушыларының психологиялық жағдайын бақылау, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау үшін оңтайлы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау, қабілетті және дарынды балаларға психологиялық көмек көрсету мақсатында оқушыларды диагностикалау жұмыстары жүргізілді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысында, практикалық оқытудың маңызы зор. Оқушыларды болашақ мамандыққа баулу, еркін сөйлеу, зерттеушілік дағдыларын, спорттық-шығармашылық өнерлерін шыңдау үшін мектепте 18 түрлі үйірме мен спорттық секция жұмыс істейді. Сонымен қатар Торайғыров университеті мен Ә.Марғұлан университетінің ғалымдарымен бірлескен олимпиадалық резерв мектебі және оқушыларының ғылыми қоғамының жұмысы алға қойылған. Осылайша, оқушыларымыз қалалық, облыстық және республикалық дейгейдегі олимпиадалар, ғылыми жобалар конкурстары, шығармашылық, спорттық сайыстардың жеңімпаздары мен

жүлдегерлері. Атап айтсақ, жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 14 орын (“Алтын” - 4, “Күміс” - 5, “Қола” - 5), жалпы қатысушылардың 61% құрады, облыстық кезеңде 5 жүлделі орын 100% сапа көрсетті (“Күміс” - 1, “Қола” - 4) және “география” пәнінен қатысқан 1 оқушы (Кабиева Амина) Торайғыров Университетінің “Грант” иегері атанды. Республикалық кезеңде Т.Дюсембаева “қазақ тілі мен әдебиеті” пәнінен “Қола медаль иегері атанды. 7-8 сынып оқушылар олимпиадасының қалалық кезеңінде 14 (88%) жүлделі орын (I орын - 3, II орын - 4, III орын - 7), облыстық кезеңге қатысқан 3 оқушы да жүлдегерлер қатарынан көрінді (I орын - 1, III орын - 2). 5-6 сынып оқушыларының олимпиадасының қалалық кезеңінде 11 (92%) жүлделі орын (I орын - 1, II орын - 3, III орын - 7) иеленді. Ғылыми жобалар және шығармашылық конкурстарда оқушыларымыз үнемі нәтижелі жұмыстарын таныстырады. “Зерде” республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың конкурсының қалалық кезеңінде 16 оқушы 14 жұмыспен қатысып, барлығы 100% жүлделі орындармен марапатталды, облыстық кезеңде 6 оқушы қатысып, 4 оқушы II және III орындарға ие болса, 2 оқушы “Құрмет грамотасымен” марапатталды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсында 10 оқушы 8 жобамен қатысып, командамыз 100% жүлделі орындармен марапатталды, облыстық кезеңде 6 оқушы қатысып, 5 оқушы жүлдегер (II орын - 2, III орын - 3) атанды. Нәтижесінде, мектеп “Ең үздік қалалық олимпиадалық команда” номинациясында 2-орын, “Зерде” және ғылыми жобалар конкурстарында “Ең үздік қалалық команда” номинациясында III орынға ие болды.

Биыл 1-ші рет мектептің робототехника үйірмесі (А.Серік, Е.Ахметов, Ш.Айбекұлы, С.Абаханов, Е.Тлеукабылов, Е.Амантай, жетекшілері А.Ж.Аушахманова, А.Б.Айменова) халықаралық FIRST CHAMPIONSHIP сайысының аймақтық кезеңінде номинация иегері атанып, республикалық кезеңде өз жұмысын таныстырды.

Мектептен тыс үйірмелерге қатысып жүрген оқушылардың да халықаралық деңгейде толағай табыстары мол, оқушыларымыз “спорт шеберіне кандидат”, “спорт шебері” болып табылады.

Кәсіптік бағдар берудің тағы бір түрі, 8-11 сынып оқушыларының “Болашақ мұғалім мектебі” жобасы. Заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып құрастырылған осы жобаның қазіргі таңдағы білім алушылардың мамандық таңдауларына қосатын үлесі өте маңызды, өзекті деп ойлаймыз.

Педагогикалық сынып жұмысының ең маңызды нәтижесі – оқушылардың өздерінің психологиялық қабілеттерін түсінуі және өзін-өзі дамытуға тұрақты мотивацияның пайда болуы. Мұғалім мамандығын саналы өмір жолы ретінде таңдау.

2021-2022 оқу жылында педагогикалық мектепке - 33 оқушы қатысты, соның 27-сі 11-сынып оқушылары еді. 27 оқушыдан педагог мамандығын таңдаған 11 оқушы болды, оның ішінде Ә.Марғұлан атындағы ПМУ ұйымдастырған олимпиадасына қатысып, 2 оқушы (Сыздыкова Динара, Сапина Амина) ректор Грантын жеңіп алды.

2022-2023 оқу жылында - 30 оқушы, оның ішінде 11 сынып оқушыларынан 22 түлектен педагог мамандығын таңдап, оқып жүргені - 10 оқушы.

2023-2024 оқу жылында педагогикалық сыныпта - 29 оқушымыз білім алуда. Соның ішінде 11 сынып оқушыларынан - 17, бүгінгі күні, педагогикалық сыныптың арқасында 1 оқушы (Ізбасар Айдана) Ә.Марғұлан атындағы ПМУ-дің ректор Грантының иегері, 1 оқушы (Кабиева Адина) осы университеттің 50 пайыздық жеңілдік иегері.

Педагогикалық сынып оқушылары мектеп өміріне белсенді түрде қатысады: КВН фестивалі, волонтерлік іс-шаралар, спорттық жарыстар және т.б.

Мектебіміздің әдістемелік жұмыстың, даму жоспарының тақырыбы аясында “Педагогикалық сынып” болашақ мектебі жобасы 2021 жылдан бастап жүзеге асуда. Болашақ мұғалім мектебі жобасын жүзеге асырмас бұрын, оның өзектілігіне назар аудардым. Мектеп түлектері жоғары оқу орындарына түседі, қызметтің бір саласы бойынша мамандық алады, бірақ кейін мүлдем басқа салада жұмыс істейді. Неліктен? деген сұрақ туындайды. Оның себептерінің бірі - жастардың таңдаған мамандықтары жайлы толығымен хабардар болмаулары. Заманауи

әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып құрастырылған осы жобаның қазіргі таңдағы білім алушылардың мамандық таңдауларына қосатын үлесі өте маңызды, өзекті деп ойлаймын.

Жұмысымның басты мақсаттары:

- Мектеп тәжірибесіне еңгізілген жобаны талдау, оның тиімділігін дәлелдеу.
- Тәжірибе бөлісу болып табылады.

Қолданудан күтілетін нәтижелер: Педагогикалық сынып жұмысының ең маңызды нәтижесі – оқушылардың өздерінің психологиялық қабілеттерін түсінуі және өзін-өзі дамытуға тұрақты мотивацияның пайда болуы. Мұғалім мамандығын саналы өмір жолы ретінде таңдау.

Жобаны іске асыру барысындағы негізгі шаралар:

- Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;
- 9-11 сынып оқушыларының мамандық таңдауына мониторинг жүргізу;
- Педагогикалық сынып ашудың жергілікті актілерін әзірлеу және бекіту;
- Педагогикалық университетпен келісім-шарт жасау;
- Педагогикалық сабақтарда оқушылардың дайындық сапасын бақылау;
- Педагогикалық сыныптардың түлектерінің ЖОО - ға түсулерін бақылау - деп белгіленді.

Мамандық - жай күнелту, ақша табу емес. Әр адам өз мамандығынан рухани күш алып, еңбектің рахатын көреді. Адам атақ-абыройға кенеледі. Кез келген адам шеберлікті, қажымас қайратты, еңбектенуді керек етеді.

Ұлттың адами әлеуетін нығайту мен дамытудың стратегиялық миссиясын тиімді жүзеге асыру үшін білім беру жүйесіне қабілетті, сауатты, шығармашыл кәсіби ұстаздардың келуі бүгінгі таңда мақсатты жұмыстардың бірі. Ол үшін педагогикалық жоғары оқу орындарына ең ынталы мектеп түлектерін тарту қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың бірі – мектебімізде жүзеге асырылып келе жатқан «Болашақ мұғалім мектебі» жобасы.

Жобаны бастамас бұрын мектеп оқушыларының қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сауалнама жүргізілген болатын. 9-11 сынып оқушылары «Мектепте педагогикалық сынып ашу туралы не айтасыз?», - деген сұрақтарға келесі жауаптар берген болатын: «...бұл керемет идея», «... бұл қажетті жаңашылдық», «...педагогикалық сыныптар дәл сол мамандыққа қажетті пәндерді тереңдетіп оқуға мүмкіндік береді», «... бұл түлектерге өздерін мамандықта сынауға мүмкіндік береді».

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының негізінде 2021 жылдың қазан айында ПМПУ мен №2 ЖОМ арасында «Психологиялық-педагогикалық бағыттағы сыныптың» ашылуы жайлы меморандумға қол қойылған болатын. Университет ғалымдары мен мектеп ұстаздарының авторларлық тобы «Педагог мамандығына кіріспе» факультативтік сабақтарының бағдарламасын әзірледі.

- тиімділікті бағалаудың негізгі жеке, әлеуметтік, белсенділік критерийлері әзірленді;
- өтініштер жиналды (әрқайсысы 15 адамнан екі топ);
- бірлескен жұмыс жоспары жасалды.

Педагогикалық сыныптарға қысқаша сипаттама беретін болсақ, – мұғалім мамандығына түсудің негізгі баспалдағы жоғары сынып оқушылары екі жыл бойы 140 сағаттық мұғалімдік мамандыққа кіріспе факультативтік курсы оқиды және мұғалімдердің көмекшілері, мектеп жанындағы лагерьлерде тәлімгер ретінде көптеген педагогикалық сынақтардан өтеді.

Тұжырымдама Нормативтік құжаттар, негізгі терминдер тізімі, тиімділік өлшемдері, қолданылатын әдістемелер, механизмдер және шарттар айқындалған.

Негізгі қолданылатын терминдер, ұғымдарға:

- Бейіндік педагогика – психологиялық сынып;
- Кәсіби өзін-өзі анықтау
- Педагогикалық талант
- Кәсіби үлгілер
- Бейіндік психологиялық-педагогикалық тесттер жатады.

Жобаны іске асыру барысында пәнге бағытталған, рефлексиялық әрекет, тәжірибеге бағытталған әдістер қолданылуда. Негізгі ұстанатын қағидаттарға келетін болсақ: жеке дара,

гуманизм, ғылыми сипат, еріктілік, заманауилық, жүйелілік, жүйелілік, өнімділік. Іске асыру механизмдері: қабылдау/таңдау, желіге қосылу, оқу нәтижелерін бақылау.

Шарттары: желілік серіктестік, кәсіби тәжірибе, қауымдастықтарға интеграция. Курс жалпы 4 модульден тұрады: оқу, ақпараттандыру, тәлімгерлік және еріктілер қызмет мен «Мен ұстазбын» модульдерінен.

Оқу модулі аясында:

- «Педагогикалық қызметке кіріспе» курсы оқытылады,
- Сабақтардың стандартты емес түрлері қолданылады: тренингтер мен іскерлік ойындар; кейс технологиялары;
- шығармашылық тапсырмалар мен пәнаралық жобалар; квест технологиялары және т.б. қолданылады.

Әрине, жұмыстың тиімділігін білу үшін міндетті түрде аралық бағалау жүргізу қажет.

I. Педагогикалық сынып оқушыларының жұмысын бақылау формалары:

- дәріс кезіндегі әңгіме;
- тәжірибе барысында топта жұмыс жасау қабілеті;
- тестілеу;
- зерттеулер, шағын жобалар;
- презентациялар әзірлеу.

II. Презентация, зерттеулер, шағын жобалардың болжалды тақырыптары:

- Заманауи педагогтің миссиясы;
- Мектептегі патриоттық тәрбие;
- Денсаулық сақтау әдістері;
- Мектептің даму жолы;
- Әл-Фараби – Ұлы ұстаз;
- Ұлттық тәрбие;

Жобаға қатысушылармен кері байланыс жүргізу үшін тұрақты түрде сауалнамалар өткізіледі. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың педагогикалық сыныптар оқуды таңдау себептері әртүрлі: қажетті пәндерді тереңдетілген деңгейде оқуға ұмтылу (46%), екінші орында - өз өмірін мұғалім мамандығымен байланыстыруға (34%), ата-ананың кеңесі (20%). Көріп отырғанымыздай, барлық себептер өте сындарлы. Алынған ақпаратты біз жобаның стратегиясы мен тактикасын жүргізуде міндетті түрде ескереміз. Оқушылардың басым көпшілігі (92%) «Болашақ мұғалім мектебі» жоба аясында өткізілетін факультативтік сабақтар пайдалы, түлектің тұлғалық дамуына ықпал етеді деген ойда.

Соңғы екі жылда педагогикалық сынып оқушылары педагогикалық олимпиадаларының, түрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларының қатысушылары мен жүлдегерлері атанды: Сыздыкова Динара, Сапина Амина Ә.Марғұлан атындағы ПМУ ұйымдастырған олимпиадасына қатысып Грантқа ие болды. Педагогикалық сынып оқушылары мектеп өміріне белсенді түрде қатысуда: КВН фестивалі, волонтерлік іс-шаралар, спорттық жарыстар және т.б.

Жоба барысында: Оқушылар үшін: олар өз даралығын түсіну; эмоционалды интеллекті дамыту; тұлғалық қасиеттерді және дағдыларды дамыту; әлеуметтік белсенділік пен әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, өзін-өзі бағалауды арттыру; адамдар әлемі мен кәсіптер әлемі туралы түсініктерін кеңейту; мұғалім мамандығының жағымды және мазмұнды бейнесін қалыптастырады.

Мектеп үшін: балалардың педагогикалық бастамаларын, олардың білім беру дербестігін және балалар мен ересектердің бірлескен педагогикалық шығармашылығын қолдауға негізделген мектептің жаңа педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, білім берудің жаңа нысандары мен әдістерін дамыту; мектеп оқушыларының оқу нәтижелерін есепке алу жүйесін жетілдіру; білім сапасын арттыру және жекелендіру; мамандыққа ертерек бейім алатын жаңа типті түлек дайындауға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесі және жалпы қоғам үшін: дарынды балаларды анықтау және қолдау; балаларды қосымша біліммен қамту.

Жалпы, жасалып жатқан жұмыстарды қорытындылап, былай деуге болады:

1. Мектептегі оқу-тәрбие процесстерін басқару жүйесінде объективті және субъективті факторлар ескеріліп отыруы қажет.
2. Заман талаптарына сай тұлғаны тәрбиелеуде, жаңа әдіс – тәсілдер, жобаларды енгізу – тиімді жолдардың бірі.
3. Мектептің білім беру саясатының басты міндеті: жаңартылған білім беру жүйесі аясында білім алушы тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және жеке перспективті қажеттіліктеріне сай болу.

Бүгінгі күні мектепке еңгізілген жаңа жобалардың тиімділігінің дәлелі :

#### **2021-2022 оқу жылының түлектері**

Буркутбаева Жанар – Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Төлепберген Әділ - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Еркен Ерасыл - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Сапина Амина - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Сыздықова Динара - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Қали Қалиясқар - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Ізбасар Азат - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Бақыткереев Елустар – Қанапьянов атындағы ПМУ колледж  
Ахметова Аделия – Б.Ахметов атындағы колледж  
Калелова Ажар - Б.Ахметов атындағы колледж  
Елетаева Еркежан - Қанапьянов атындағы ПМУ колледж  
Сулеева Аружан - Қанапьянов атындағы ПМУ колледж  
Серікбай Ақбілек – Шымкент, «Отырар» колледжі  
Садуова Анель – Еуразиялық Гуманитарлық Жоғары колледжі  
Болатқан Досжан – ИНеУ колледжі

#### **2022-2023 оқу жылының түлектері**

Рахметолла Думан - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Есембаев Арлан - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Бейсембина Салима - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Ақишпаева Аделя - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Токбулатова Дильназ - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Сапарғали Бекзатхан - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ

#### **2023-2024 оқу жылының түлектері:**

Кожанова Айкүн - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Кабдылманат Диар - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Тлеубердинова Аяулым - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Ерғантай Жұлдыз - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Айбекқызы Айым - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Айткенов Ардақ - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Дюсентаев Олжас - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Ізбасар Айдана - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Құрбан Аделя - AIU (Astana international university) Астана халықаралық университеті  
Болгожинов Данат - Ә.Марғұлан атындағы ПМУ  
Досанова Меруерт - М.Қанапиянов атындағы колледж.

#### **2023-2024 оқу жылының 9 сыныптар түлектері**

Ардабаева Мерей - Б.Ахметов атындағы Павлодарлық педагогикалық колледжі  
Құбайдолла Жомарт - Б.Ахметов атындағы Павлодарлық педагогикалық колледжі  
Маметова Мадина - Б.Ахметов атындағы Павлодарлық педагогикалық колледжі  
Нурсайн Адема - Павлодарлық педагогикалық колледжі

#### **2023-2023 оқу жылының 9 сыныптар түлектері**

Ганий Нурай - Павлодар гуманитарлық - педагогикалық колледжі  
Балтабай Тамерлан - Б.Ахметов атындағы Павлодарлық педагогикалық колледжі  
Батталова Асель - Б.Ахметов атындағы Павлодарлық педагогикалық колледжі



Сонымен қатар, педагогтармен өткізілетін іс-шаралардың басты және түпкілікті нәтижесі педагогтердің ішкі ресурстарын өзектендіру, оқытудың тиімді нысандары мен әдістерін меңгеру, сараланған оқытуды қолдану, білім алушылардың оқу материалын қабылдауының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, материалды беру қажеттілігін, сондай-ақ білім алушылардың ішкі уәждемесін арттырудың белсенді нысандары мен әдістерін қолдану қажеттілігін түсіну болып табылады. Осы мақсатта мектеп педагогтерінің арнайы оқушылардың пән бойынша қызығушылығын арттыру, білімін тереңдету және болашақ мамандыққа баулу мақсатында келесідей факультативтік және элективтік курстар бағдарламасы құрастырылып, өткізіліп жатыр.

Атап айтсақ, 11 сынып оқушылары үшін физикадан “Механикадан қиын есептердің шығару жолдары” (А.М.Шайхимова), 5-сыныптарда “Жас зерттеуші” (Г.К.Бельгибаева), 6-7-сыныптарда “Робот-техникасы” (А.Б.Айменова), 8-9-сыныптар үшін “Киелі-қасиетті жерлер географиясы” (Қ.С.Ергалиев), 7-9-сыныптар үшін “Тіл грамматикасы” (К.Ж.Шакаровна) және т.б.

<p>1-2 жылдардың тақырыбы: Оқытуда тұлғалық-бағдарланған, іс-әрекеттік тәсілді іске асыру. Ерте кәсіптік білім беруді оңтайландыру.</p>	<p>3-4 жылдардың тақырыбы: Мектептің бірыңғай-әдістемелік-білім беру, ақпараттық дамыту кеңістігін құру.</p>	<p>5 жылдың тақырыбы: Педагогикалық ұжымның әдістемелік тақырыпты іске асыру жөніндегі қызметін жүйелеу: педагогтердің кәсіби құзыреттілігі-жаңартылған білім беру стандарттарын іске асыру жағдайында оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ету ресурсы</p>
<p>Міндеттер: Мектеп мұғалімдерінің білім беру практикасына оқытудағы тұлғалық-бағдарланған, белсенділік тәсілін белсенді енгізу үшін жағдайлар жасау</p>	<p>Міндеттер: Мектептің даму кеңістігін дамыту үшін пәнаралық желілік интеграция мүмкіндіктерін пайдалану.</p>	<p>Міндеттер: Мектептің әдістемелік тақырыбы бойынша жұмыс нәтижелерін қалалық және облыстық, тіпті республика деңгейінде жүйелеу және жалпылау</p>

<p>Міндеттер:</p> <p>Мектеп мұғалімдерінің инновациялық режимде жұмыс істеуге дайындығына психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу.</p> <p>Өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа дайындық дәрежесі бойынша педагогтердің көп деңгейлі топтарын құру.</p> <p>Оқытудың әртүрлі режимдерінде оқытуда тұлғалық-бағдарланған, іс-әрекеттік тәсілді білуге негізделген мұғалімдік құзыреттілік бағдарламасын әзірлеу.</p> <p>Критерийлер мен дескрипторлар негізінде сабақтың өзін-өзі бағалауын белсенді түрде енгізу.</p> <p>Оқушының сәттілік картасын жасау.</p> <p>Оқушының жеке білім беру траекториясының картасын (маршрутын) әзірлеу және сабақ қызметінде белсенді пайдалану.</p> <p>Ерте кәсіптік білім беру арқылы оқушыларды болашаққа дайындау.</p>	<p>Міндеттер:</p> <p>Мұғалім кадрларының АКТ-құзыреттілігін арттыру.</p> <p>Мектептің бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін құру.</p> <p>Сабақ ортасында тиімді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқыту сапасын арттыру.</p> <p>Электрондық ОӘК құру, қалалық электронды құралдар конкурстарына қатысу бойынша мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру.</p> <p>Мектеп сайтының жұмысын жандандыру.</p> <p>Функционалдық сауаттылықтың қалыптасу дәрежесін қадағалау бойынша Бақылау-өлшеу материалдарын әзірлеу.</p>	<p>Міндеттер:</p> <p>Облыстық кәсіби алаңдарда педагогикалық ұжым қызметінің тәжірибесін ұсыну.</p> <p>ӘБ және шығармашылық топтардың жұмыс қорытындыларын әдістемелік ұсынымдар нысанында ресімдеу.</p> <p>Жұмыс материалдарын дайындау: мастер-класстар, мониторингтік зерттеулер, шығармашылық топтардың жұмыс материалдары, қалалық деңгейде жалпылау үшін педагогикалық кеңестердің материалдары.</p> <p>Жұмыс қорытындыларын облыстық басылымдарда: «Педагогика хабаршысы» газетінде және «Педагогикалық альманах» ғылыми-әдістемелік журналында жариялау арқылы танымал ету.</p>
---	---	---

<p>1-2 жылдардың тақырыбы : Оқытуда тұлғалық-бағдарланған, іс-әрекеттік тәсілді іске асыру.</p>	<p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>1. Оқытуда тұлғалық-бағдарланған, іс-әрекеттік тәсілді қолдануға негізделген жаңа білім беру практикасын құру мәселелерінде кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.</p>
<p>Мақсаты: Мектеп мұғалімдерінің білім беру практикасына оқытудағы тұлғалық-бағдарланған, белсенділік тәсілін белсенді енгізу үшін жағдайлар жасау</p>	
<p>Іс-шаралар:</p>	

<p>Қыркүйек</p> <p>Әдістемелік тақырып бойынша семинар: «Әдістемелік тақырып бойынша жұмыстың мақсаттары, міндеттері, негізгі бағыттары, күтілетін нәтижелері».</p> <p>Мектеп мұғалімдерінің инновациялық режимде жұмыс істеуге дайындығына психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу. Нәтижелерді талдау. Әдістемелік жұмысты жоспарлаудың басқарушылық шешімі мен ұсынымдарын қабылдау</p> <p>Тұрақты жұмыс істейтін семинардың жұмысын ұйымдастыру «Білім беру процесінің сапасын арттыру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары».</p> <p>Шығармашылық топтардың қызметін ұйымдастыру: «Педагог-тәлімгерлердің ассоциациясы», ЖММ, пәндік ӘБ, ӘБ жанындағы шығармашылық топтар.</p>	<p>2. Білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін жағдайлар жасау.</p> <p>3. Мұғалімдердің негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды құру тәсілдерін меңгеруі.</p> <p>4. Мұғалімдердің білім беру практикасына оқытудың интерактивті технологияларын енгізу.</p> <p>5. Жұмыс орнында оқыту бағдарламасын енгізу арқылы мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесін құру мүмкіндіктерін кеңейту.</p>
<p>Қазан</p> <p>Психологиялық-педагогикалық диагностика"сабақты талдау және интроспекциялау бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілік деңгейі". Нәтижелерді талдау. Басқарушылық шешімдер қабылдау.</p> <p>Дөңгелек үстел «Оқытудағы тұлғалық-бағдарланған, іс-әрекеттік тәсілді іске асыру бойынша кәсіби құзыреттердің мазмұны» тұрақты жұмыс істейтін семинар аясында.</p> <p>«Өрлеу» мамандарды шақырумен Семинар-практикум, ПШО мамандарды шақыруымен критерийлер мен дескрипторлар негізінде сабақты бағалау бойынша.</p> <p>«Оқушының жеке білім беру траекториясын (маршрутын) оқытуды даралау және саралау құралы ретінде әзірлеу» тренингі</p>	<p>6. Педагогтердің шығармашылық кәсіби өзара іс-қимылы үшін жағдай жасау: желілік қауымдастықтар, тәлімгерлер мұғалімдерінің қауымдастығы, ЖММ.</p> <p>7 Білім беру процесін әдістемелік қолдаудың инновациялық нысандарын тарату (коучингтер, стратегиялық шеберханалар, менторлық, Lesson stady.</p>
<p>Желтоқсан</p> <p>«Оқыту үдерісін басқару: іске асыру тетіктері" тұрақты жұмыс істейтін семинар шеңберінде Семинар-практикумы.</p> <p>«Құзыреттілік және БЕЛСЕНДІЛІК негізінде оқу сабағының бағдарламасы. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері» тренингі.</p>	<p>8. Оқыту процесін даралау және саралау үшін жеке оқыту траекториясын жобалау.</p>
<p>Қаңтар</p> <p>Тұрақты семинар аясында «Құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды әзірлеу механизмі».</p> <p>«Мұғалімнің портфолиосы: мазмұны, көрсеткіштерді таңдау, нәтижелерді ұсыну формалары» Семинар-практикумы.</p> <p>Мұғалімдердің шығармашылық топтарының Ашық есік күні</p>	

<p>Ақпан Инновациялық режимде жұмыс істеуге педагогикалық дайындықтың аралық диагностикасы. «Оқушының сәттілік картасы» семинар-практикумы. ПШО пр., ПШО бапкерлерінің қатысуымен Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша " панельдік сессиялар"</p>	
<p>Сәуір Мектеп мұғалімдерінің Өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша өзіндік есептері ҮПТ-ді жалпылаудың мектеп кезеңін өткізу. Материалдарды сараптау.</p>	
<p>Мамыр Әдістемелік тақырып бойынша 1 жылдық жұмыстың қорытындысын шығару. 2 жылдық жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін талқылау. Перспективалық жоспарды түзету</p>	

### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқуда тұлғалық-бағдарлы, әрекеттік тәсілді қолдануға негізделген жаңа білім беру практикасын құру мәселелерінде кәсіби құзыреттілік деңгейі артады.
2. Мұғалімдер негізгі құзыреттерді қалыптастыруға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмаларды жасау дағдыларын меңгереді.
3. Мұғалімдердің білім беру практикасында оқытудың интерактивті технологиялары белсенді түрде енгізілетін болады.
4. Жұмыс орнында оқыту бағдарламасын енгізу арқылы мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесін құру мүмкіндіктері кеңейтіледі.
5. Педагогтердің шығармашылық кәсіби өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасалған: желілік қоғамдастық, тәлімгер мұғалімдер қауымдастығы, ЖММ.

### **Болашаққа даму бағдарлары:**

- үнемі дамуда, ізденісте болу қажеттілігін түйсіну және оны дамытушы командалардың құрылуы мен оны жүзеге асырудың жәстүрге айналуы;
- дайын үлгіден бас тарта отырып, өзіндік ізденіс арқылы жаңа тәжірибелерді жинақтауы;
- жинақталған тәжірибелерді жүйелеу, енгізу және дәстүрге айналдыру;
- Команда өз тәжірибесінің жұмысын 2024-2025 оқу жылында ары қарай жалғастырып, қала, облыс және республика көлемінде тәжірибе алмасу, мақалалар жариялау, шеберлік сағаттарын өткізу.

### **Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы.**

#### **Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі.**

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- оқушыны білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Мектептегі бастауыш оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары-баланың білім игеру кезіндегі ойлау қабілетін қалыптастыру сол арқылы таным әрекетін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуының бастамасы болып табылады.

Бастауыш әдістемелік бірлестіктің тақырыбы: «Бастауыш сынып оқушыларының оқу құзіреттіліктерін қалыптастыру арқылы білім сапасын арттыру және бастауыштан бастап кәсіби бағдар беруге бейімдеу»

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестіктің мақсаты:

- оқу-тәрбие процесіне жаңашыл әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік шығармашылық ізденістерін арттыру.
- оқыту барысында оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, ойлау дағдысын қалыптастыру.
- шығармашылық іс-әрекеттерге жетелеу.

Бастауыш сынып әдістемелігінің міндеттері:

- ұстаздардың педагогикалық шеберлігін жетілдіру;
- оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияларды іздеу бойынша эксперименттерді жалғастыру;
- сабақтардың өтілуінің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету;
- оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын ендіру;
- сабақтардың өтілу сапасын жоғарылату;
- шығармашыл мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату;
- ғылыми-әдістемелік және дидактикалық материалдар жасау;
- дарынды балалармен жұмыс жүргізу;
- дамыта оқыту тобындағы оқушыларды зерттеу;

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінде 16 мұғалім жұмыс істейді. Жоғары білімді – 14, арнаулы орта - 2 ұстаздар қызмет жасайды.. Оның ішінде 1 магистр, 6 педагог –зерттеуші, 4 педагог – сарапшы, 34 педагог – модератор, 1 -педогог,1 – бірінші санатты. ұстаздарымыз бар. Осы оқу жылында оқушылар да, ұстаздар да барлық іс - шараларға белсене қатысты.

Республикалық «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына 51 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар оқушыларымыз Халықаралық «Кенгуру» сайысына 22 оқушы қатысып, көптеген оқушылар дипломдармен марапатталды. «Бастау» зияткерлік олимпиадасы – 3 оқушы қатысты. «Зерде» ғылыми жобасына – 2 оқушы қатысты.

1-сыныптар арасында «Балалар жылына арналған «Әліппе атасы» қалалық байқауы -3 оқушы қатысып, 1 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі апталығы 01.04 – 12.04 аралығында болып өтті. Тақырыбы: «Бастауыш-білім бұлағы».

Мақсаты:

- Бастауыш сынып оқушыларының алған білімдерін тиянақтау, жетістіктерімен бөлісу, жаңалықтармен алмасу;
- Оқушыларды бірге ұжыммен жұмыс істеуге баулу;
- Білімдерін одан әрі жетілдіру;
- Тарихи ұлы тұлғаларын насихаттау, шығармаларымен танысу арқылы патриоттық тәрбие беру.

2 сыныптар арасында отбасылық спорттық сайысы өткізілді. Тақырыбы : «Әкем,шешем және мен»  
Мақсаты: Оқушыларды және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Оларға спорттық ойындарды орындата отырып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауаттану – адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Сайыс өте қызықты өтті.Оқушылар мен ата – аналар сайысқа белсенді қатысты. Ойын соңында қатысқан топ мүшелері дипломдармен марапатталып сыйлықтар берілді.

«Кім тапқыр» интеллектуалды ойын

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлығын, жылдамдығын, таным белсенділігін арттыру. Топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа баулу.

Көрнекілік: жұмбақтар, сұрақтар, суреттер.

Ойын барысында АҚТ ресурстары қолданылды. Оқушылар ойынға қызыға белсене қатысты. Ойын қортындысы бойынша қатысушыларды дипломдармен марапаттап, сыйлықтар берді.

№	Мұғалімнің аты-жөні	форматы	деңгейі
1	Казангапова Манар Шакуовна	<p><b>Мұғалімнің жетістігі:</b></p> <p><b>2.Алғыс хат</b>(Білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін)</p> <p><b>3.Құрмет грамотасы</b> (Павлодар дарыны «Оқыту мен тәрбиелеудегі жоғары кәсіби шеберлігіңіз үшін»)</p> <p><b>4.Куәлік</b> «Әдістемелік өнімнің мазмұны мен құрылымы» 21.10.2023 ж</p> <p><b>5.Сертификат</b> «Бастауыш сынып мұғалімдерінің Математика, Қазақ тілі және Әдебиеттік оқу пәндері бойынша құзыреттіліктерін дамыту» (09.10-20.10.2023ж)</p> <p><b>5.Сертификат</b>«Педагогикалық шеберлік»облыстық конкурста қатысқаны үшін»)Өрлеу</p> <p>6.Тәжірибемен бөлісу. <b>Сертификат</b> «PIRLS Мәтіндер мен тапсырмалар» ӨРЛЕУ біліктілігін арттыру ұлттық орталығы</p> <p>7.Таңдаулы курс бағдарламасы «Шығармашылық шабыт» Рецензия жазған Р.М.Муталиева филология ғылымының кандидаты</p>	<p>қалалық</p> <p>облыстық</p> <p>қалалық</p> <p>қалалық облыстық</p>
2	Арынжанова Жанна Дүйсентаевна	<p><b>1. “Павлодар дарыны”</b> бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығының <b>Құрмет грамотасымен</b> марапатталды №ҚГ-003</p>	<p>облыстық</p>
3	Жетыбаева Жудыз Амангельдиновна	<p>1. Мұғалімдер күніне орай қалалық білім бөлімінен алғыс хат</p> <p>2.Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Павлодар Дарыны» бос уақыты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығынан <b>Алғыс хат</b></p> <p>3.Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» БАҰО» Ақ филиалы «Павлодар облысы бойынша кәсіби даму институты» бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы өткізу шеңберінде «Кері байланыс және рефлексияның маңызы» тақырыбында тәжірибесімен бөлісу» <b>Куәлік</b></p>	<p>облыстық</p> <p>облыстық</p>

4	Жапарова Айгүл Муслимовна	1. Республика күніне орай қалалық білім бөлімінен алғыс хат. 2. Ақберен республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған қазан-қараша айындағы «Мақатаев оқулары» - алғыс хат.	қалалық республика
---	------------------------------	--	--------------------

### Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі.

#### Қазақ тілі мен әдебиет және тарих пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік.

Әдістемелік бірлестік тақырыбы: «Мұғалімдердің өзекті тақырыптарын жүзеге асыру, оқушылардың білімді, өмірге бейім, әлеуметті тұлға етіп қалыптастыру»

Әдістемелік бірлестік мақсаты: «Әрбір оқушыны дербес әлеуметті тұлға және кәсіби біліктілікке дайындау, мұғалімнің білім берудегі зердесі мен педагогикалық шеберлік деңгейлерін үздіксіз жетілдіру»

Әдістемелік бірлестігінің міндеттері:

- \* Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет және тарих пәндерін терең түсіну қабілеттерін дамыта отырып, алған білімін кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету;
- \* Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет және тарих пәндерінен ғылыми-зерттеу жұмыстары, олимпиадалар, сайыстарға қызығушылықтарын арттыру үшін жағдай жасау;
- \* Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында өз білімін жетілдіру курстары, семинарлар, вебинарларға, сайыстарға қатысуына жағдай жасау.
- \* Оқушылардың ғылыми қоғамының құрылуы оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыру үшін жағдай жасау;
- \* Ғылыми –зерттеу проблемаларын шешу барысында қоғам мүшелерінің өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру;
- \* Оқушы бойында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі басқару, шешімін таба білу білеттерін қалыптастыру;
- \* Жаңа заман талабына сай ізденгіш, жауапкершілігі зор, талапты жеткіншек қалыптастыру;
- \* Жаңа технологияларды кеңінен қолдану;
